

ӘОЖ 68'321

## АУДАРМАТАНУ АСПЕКТІСІНДЕГІ АБАЙДЫҢ ТҰЛҒАСЫ

**Баймурзина Орынгүл Амандосқызы**

[Oringulka@mail.ru](mailto:Oringulka@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің  
аударма теориясы және практикасы кафедрасының  
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – М.Берібаева

Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсыновтың «Абай сөздері – қазаққа зор бақ. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек...» [1] деген сөздері әрбір қазаққа бағытталған өсиет іспетті. Абай ұлы – ақын. Абай – дара ақын. Абайдың даралығының белгісі – оның поэзиясына, барлық шығармашылық мұрасына тән жаңашылдығы. Абай даналығының белгісі – заман, қоғам, болмыс туралы философиялық ойларының биіктігінің шоқтығы. Абай туған халқының арман-мүддесін де, жалпы адамзаттық мұраттарын да терең түсінген кемеңгер[2,3б.]. Сондықтан Абай өз поэзиясында сол дәуірдің қоғамдық маңызды мәселелерін қозғай алды. Ақынның әрбір шығармасынан өмір шындығын байқай аламыз.

Қазақстан Республикасында бүгінгі таңда түрлі халықтар арасындағы алтын көпір, әдеби-мәдени байланыс пен дамудың дәнекері есептелетін аудармаға, оның мәселелеріне аса

мән берілуде. Мәдениетті өркендетуге арналған мемлекеттік бағдарлама аясында, әдебиетіміздің асыл мұраларын өзге тілдерге аудару мәселелері жандана түсуде. Осы тұста ұлтымыздың ұлы данышпаны Абай поэзияларын өзге ұлт тілдерінде таныта білу аудармашыға жүктелетін үлкен жауапкершілікті іс екенін ұғынамыз. Абай шығармаларының орыс тіліне аударылуы әр түрлі деңгейде зерттелгенімен, оның ағылшын тіліндегі аудармасы салыстырмалы түрде жүйеленіп қарастырылған жоқ. Әлем тілдеріне аударылған ақын шығармаларына баға беріп, ғылыми тұрғыдан саралау зерттеу жұмысымыздың өзегі болмақ. Зерттеу жұмысымызда Абай Құнанбайұлы поэзиясының ағылшын тіліне аудармасындағы лексика-семантикалық баламалылық деңгейінің көркемділігі мен олардың мағынасы мен мәнінің трансформациялану деңгейін қарастыруды мақсат етіп отырмыз. Зерттеудің нысаны ретінде Абай шығармаларының түпнұсқа тіліндегі, орыс және ағылшын тіліндегі басылымдарын қарастыра отырып, Абай өлеңдерінің ағылшын тілі аудармаларындағы ақынның астарлы, образды сөздерінің, фразеологизмдердің лексика-семантикалық баламалылық берілу жолдарын, көркемдік ерекшеліктерін жіті зерттемекшіміз.

Абай шығармаларының ерекшелігі жайындағы зерттеулер ХІХ ғасырдың соңғы кезінен бастау алады. Абай поэтикасы жайында алғаш пікір білдіргендер М.Әуезов, Ә.Бөкейханов және А.Байтұрсынов сынды алаш ардақтылары болатын. 1930 жылдардың орта шенінен бастап Абай шығармаларының тілі жөніндегі пікірлер кеңінен айтыла бастады. Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуын атап өту шараларында М.Әуезов, Қ.Жұбанов, І.Жансүгіров, Е.Ысмайылов, З.Шашкин ұлы ақынның сөз қолдану шеберлігі мен өлең құрылысын арнайы сөз етеді. Ал Қ.Жұмалиев ақынның жаңа сөйлем құрылыстары мен көркемдеудің тың тәсілдерін енгізгендігін, қазақ тілінің таза қалпын сақтап, поэтика тілін мәдени жоғары сатыға көтергендігі жөнінде нақты тұжырымдаса, Қ.Жұбанов «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты еңбегінде Абай туған тілінің ең нәрлісін кәдеге жарата біліп, әлсізінен безінген және қазақ тілінде жоғары поэзия тудырған деген екі үлкен қағидалы пікірін білдірген. Сонымен қатар Абай шығармаларының тілін толыққанды танып-білуге ықпал ететін З.Ахметов, Ы.Дүйсембаев, Б.Жақыпбаев, М.Сәрсекеев, Қ.Өмірәлиев, М.Бөжеев сынды абайтанушылардың мақалалары мен Қ.Мұқаметхановтың арнайы жазылған «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты кітабы жарық көрді. Академик Рабиға Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі», «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы», «Абайдың сөз өрнегі» атты монографиялары абайтану саласында жоғары маңызы бар туындылар болды [3,330-334б.].

Р.Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» еңбегінде ақын өлеңдері мен қарасөздерінің сөздік құрамы мен грамматикалық ерекшеліктеріне кеңінен талдау жасалынған. Абай лексикасының генетикалық тұрғысынан жіктелген үш қабаты (қазақтың төл сөздері, араб-парсы сөздері және орыс сөздері) жөнінде және жаңа тәсілдер арқылы жасалған грамматикалық тіркестердің Абай өлеңдерінде активтенгендігі, Абай тіліндегі русизмдер паспорттындағы тіркелу мерзіміне қарай жіктелуі жөнінде нақты талдаулар жасалынған[3,72-75,108б].

Абай шығармаларындағы әдеби тілде жиірек қолданылған бірқатар көнерген сөздердің, архаизмдердің сақталуы мен қазақтың төл сөздерінен жасалған жаңа элементтердің, неологизмдердің жасалу амал-тәсілдері кеңінен қарастырылып, Абай шығармалары лексикасында тідік те стилистик неологизмдердің пайда болуының салдары егжей-тегжейлі түсіндіріледі. (Ақын шығармашылығының тақырыбы, мазмұны мен лексикасына жаңа сөздердің қосылуына себеп болған аударма ісі.)

Абай өлеңдерінде активтенген калька арқылы жасалған грамматикалық тіркестер мен тіл біліміне кірме элементтердің структуралық пішіні жағынан түр (шет тілдің сөзін де, мағынасын да алу және өзінде бар мағынаны шет тілдің сөзімен беру) классификациялары ұсынылған. Сонымен қатар автор Абай лексикасындағы кейбір сөздердің қоғамның әлеуметтік құрылысы мен әкімшілік системасы, сот-заң істері, сауда – саттық, азаматтық сипаттағы оқу-ағарту, ғылым –білімге қатысты сөз топтары сериясы ретінде талдаған[3,169б.]. Еңбектің үшінші тарауында Абай шығармалар тілінің грамматикалық

сипаты жайы талданып, грамматикалық тұлға – тәсілдерді активтендіру, нормалау ісіндегі Абайдың қызметін таныту, грамматикалық тұлға-тәсілдердің қазақ поэзия тілі мен проза тілінде әр түрлі стильдеріне қарай дифференциялану актісін айқындау мақсат етіледі. Біз бұдан ақынның сөз жасауда бірінші кезекте сөз жасаудың морфологиялық тәсілін, яғни жұрнақ жалғау амалы арқылы, екінші орында синтаксистік тәсілдерден сөзді қосарлау және тіркестіру жолдарына сүйенгенін аңғарамыз. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы Р.Сыздықованың елеулі «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбегінде мазмұнды түрде зерттелген. Ақын өлеңдерінің синтаксистік құрылысының ерекшеліктері, шумақ туралы түсінік, Абайдың шумақты және шумақсыз өлеңдерінің синтаксисі және өлеңде кездесетін инверсия, тасымал, ықшамдау амалдарының орын алуы ауқымды талданған. Әрине бір мақалада академик Р.Сыздықованың еңбектеріне толықтай шолу жасай алмайтынымыз анық, дегенмен бұл монографиялардың абайтануда атқаратын орасан рөлін айтқымыз келді[4, 227-267б.].

Қазіргі білім парадигмаларының мазмұнын айқындаушы маңызды ғылыми ұғымдардың бірі ретінде тілдік тұлға құбылысын айтуымызға болады. Тілдік тұлға мәселесі тілдік экстралингвистикалық факторларын басшылыққа алатын, тілтанымдық мәселе бола бермек. Соның ішінде Абай тілін зерттеу мен зерделеу ХХІ ғасырдағы жаңа ғылым саласының нысаны іспетті. Абайдың тілдік тұлғасын ашуға бағытталған негізгі міндеттің бірі-қарасөздердің жанрлық мәртебесін нақтылау болмақ.

Осы тұста Абай шығармалары тіліндегі этномәдени лексиканың когнитивті сипатын анықтап, қолданылу уәжін саралап, Абай қарасөздерінің өз дәуірінің әлеуметтік, тарихи-мәдени және коммуникативті контексті аясында қарастырған профессор Мұратова Гүлнар Әнуарбекқызының зерттеу жұмысының өзектілігін атап айта аламыз[5,46.].

Филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Ә. Мұратова «Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі» атты зерттеу еңбегінде Абайдың тілдік тұлғасының көркемдік әлемін бейнелеуші мәтінді тіл біліміндегі антрополингвистикалық, когнитивтік лингвистика тұрғысынан талдау көзделген [5,56]. Абайдың тілдік тұлғасын анықтайтын антрополингвистикалық тұжырымдардың теориялық-әдістанымдық негізі қарастырылып, ақын шығармалары мәтіндегі концептілердің танымдық ерекшелігін, семантикалық өрісін көрсету міндеттері шешілген.

Тілдік тұлға дискурсында қолданылу жиілігі жоғары бірліктер концептуалды деңгейде жүйеленіп, когнитивті мәні анықталған. Сонымен қатар автор Абай тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейіне қатысты данышпан қарасөздерінің лингвомәдени және жанрлық мәнін ашу, қолданылған афоризмдерінің поэтикалық және танымдық сипаты негізделген синтаксистік-құрылымын анықтау секілді саралау жұмыстарын қамтыған. Ақынның тілдік тұлғасының вербальды семантикалық деңгейін құрайтын шығармаларға басты назар аударып, тілдік тұлғаның нөлдік деңгейінің көрсеткішіне байланысты оның концептуалды мазмұнына қысқаша сипаттама беріп өткен. Мысалы, Абайдың тілдік тұлғасының лингво-когнитивті деңгейі бөлімінде «Толық адам» концептісі, «Күлкі» концептісі, «Қайғы» концептісі, «Өтірік» концептісі, «Мақтан» концептісі мазмұнды талданып, нақты сипатталған[5,25-28б.]. Бейвербальды таңбалардың семантикалық құрылымы бойынша ақын шығармаларында кездескен ым-ишараның семантикалық негізгі екі принципі, коммуникативті және симптомды белгілері зерттелсе, Абай тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейі бойынша шығармада кездесетін дүниенің индивидуальды авторлық бейнесі, окказионал тіркестер мен потенциал сөздерге аса мән беріліп зерттелген. Осылайша ақынның тілдік тұлғасындағы антропоөлшемді метафоралар қолдануының негізгі прагматикалық функциясы анықталған. Абайдың тілдік тұлғасының әдебиет пен сөз қуатын сөз-қару ретінде жұмсаған прагматикалық функциясының қызметі аясында поэтикалық афоризмдердің шығармаларда жиі кездесуі қарастырылған. Сонымен қатар автор ғалым ақынның қоғамдық саяси дүниетанымы мен көзқарасын, ұстанымы мен әлеуметтік болмысын, тілдік тұлғаның мән-мәтінін қалыптастырып, сөз саптауына /стилі/ дискурстық тұрғыда жүйелі талдау жүргізе білген.

Осылайша өз халқының рухани мәдениеті мен ой-санасын жаңа сатыға көтерген, қазақ

жазба әдебиетінің негізін салған ұлт данышпаны, кемеңгері-Абайдың мұрасына, шығармашылығына салалы зерттеу жұмыстары жасалынды. Бұл еңбектердің жемісі жас ізденушілерге айқын бағыт-бағдар беретін құнды жәдігер екені сөзсіз.

Абайдың баға жетпес асыл сөзін әдебиетке құштар жастар ғана емес, жас буын өкілдері дерлік білуі керек. Ал, ұлы ақынды өзге елдер өкілдеріне танытуға бағытталған шаралар өз жалғасын таба бермек. Абай мұрасын басқа тілдерге аудару, оны шет тілдерінде насихаттау дарынды аудармашыларға жүктеледі. Абайдың өлмес, өшпес мұрасы өзге елдердің мәдени – танымына әсер қалдырып, рухани қажетін өтей беретіндігіне сеніміміз мол. Зерттеудің перспективасы ретінде Абай поэзиясының ағылшын тіліне аудару ерекшеліктерін сипаттауды көздеп отырмыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Байтұрсынов А. Абай – қазақтың бас ақыны // «Қазақ» газеті, 1913.
2. Ахметов З. Қазақтың бас ақыны // «Егемен Қазақстан», 1995, 36.
3. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы, 2014, 383б.
4. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі-Алматы, 2014, 576б.
5. Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: филол.ғ.д. ... дис. авторефераты. – Алматы, 2009, 50б.